

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Аршалы ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемесін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 24 мамырдағы № 5/8 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 1 шілдеде № 5435 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 9 ақпандағы № 21/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 09.02.2018 № 21/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" кодексінің 386 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Аршалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Аршалы ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемесі он есе жоғарылатылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы*

И.Слободянюк

*Аудандық мәслихатының
хатшысы*

Қ.Шедербеков

"КЕЛІСІЛДІ"

*Аршалы ауданының
әкімі*

А.Тайжанов

2016 жылғы 24 мамыр

